ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 қаңтар №5265-23-00-2/3478 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Азамат Сәулетханұлы Керімше

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Азамат Сәулетханұлы Керімше мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Азамат Сәулетханұлы Керімшеден мемлекет пайдасына 1981 (бір мың тоғыз жүз сексен бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 15.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 26.02.2024
5265-23-3-1/3922

мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 15.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 26.02.2024
5265-23-3-1/3922